

Бекітемін:
«Әсем» бөбекжай
балабақша менгерушісі

Ә.Т.Дөнен

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру үйымы (балабақша)	«Әсем»бөбекжай балабақша				
Топ/сынып	Ортаңғы топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Еркетай» Бала саны 25				
Балалардың жасы	3 жасар балалар				
Педагогтің аты- жөні	Бекмуратова Айнур				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	20.02-24.02.2023ж.				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дene қызыын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				

Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен "Егер балаңыз төбелесе беретін болса" тақырыбында әңгімелесу, кеңестер беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қымылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Гигиеналық дағыларды сақтай отырып, балалардың сүмен жұмыс істеу іскерліктерін жетілдіру (жендерін түріп, сулау және матаны сығу, қажет болса шаю және жуу).	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Үстел үстіне ыдыс- аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Өз орындарында оқулықтар мен ойыншықтарды өз бетімен, әдемі және үқыпты етіп орналастыру, шкафтарда тәртіпті сақтау, шаң сұрту.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыру, шкафтарда тәртіпті сақтау, шаң сұрту.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Төсек жапқыштарын өздігінен кигізуге және шешуге, ересектерге барлық мүмкін болатын көмектерді көрсету, көмектесуге деген ұмтылысты және басқалардың жұмысына құрметпен қарау.
	"Кімге не керек?" дидактикалық ойныны, үстел үсті ойындары, саусақ жаттығулары.	Құрылыс ойындары: "Спорт алаңын құрастыру", "Құыршаққа арналған спорт алаңы". (құрастыру) "Мен қандай спортпен	Суреттер қаастыру. Мақсат-міндеттер. "Спорт түрлері" тақырыбында суреттер қаастыру. Балабақшаның ішінде саяхат жасау. Суреттер бойынша әңгімелесу.	"Денсаулық" және "спорт" туралы әңгімелесу. "Дене мүшелерін ата" дидактикалық ойны. Мақсат-міндеттер: дене мүшелер жайлы білімдерін толықтыру.	Үстел үсті ойындары: пазлдар. "Спорт" және "денсаулық" туралы әңгімелесу.

	<p>шұғылданатынымды тауып көрші" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: спорт түрлері жайлы білімдерін толықтыру. (сөйлеуді дамыту)</p>		(сөйлеуді дамыту)	
Таңертенгі жаттығу	<p>Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға шақ текшелермен).</p> <p>1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.</p> <p>1.1. Балалар қолдарын алға созып, алақандарын ашып, текшелерін көрсетіп "міне" деген сөзді айтады.</p> <p>1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).</p> <p>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, текше ұстаған қол көкірек тұсында.</p> <p>2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп "міне" деген сөзді айтады.</p> <p>2.2. Бастапқы қалып. (дәл осы жаттығу сол жаққа және 4 рет қайталанады).</p> <p>3.Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол төменде.</p> <p>3.1. Жерге отырып, қолдарын алға созып "міне" деген сөзді айтады.</p> <p>3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p>4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, текше ұстаған қол көкірек тұсында.</p> <p>4.1. Бір орында тұрып секіру, екі қолды көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму.</p> <p>4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p>(дене шынықтыру)</p>			
Таңғы ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>"Қолдарымызды тап-таза ғып жуайық" ойын жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Құнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан</p>			

	<p>кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, таракты және қол орамалды пайдалануды үйрету.</p> <p>Көркем сөз.</p> <p>Сабынымды аламын, Алақанға саламын. Көпіртемін жақсылап, Қолды жуам мұқият. Білек, бетті, мойынды, Жуамын да, сүртемін. Тап-таза, көңілді боп, Мен үнемі жүремін.</p> <p>Тусипжанова-Шагирова А. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>"Дәрумендер дегеніміз не?" әңгімелесу.</p> <p>Мақсат-міндеттер: дәрумендердің адам ағзасына тигізер пайдасы туралы білім беру; "денсаулық", "дәрумендер" деген түсініктемен таныстыру; көгөністер мен жеміс - жидектер туралы білімдерін бекіту. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Таңғы сәлемдесу. Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөлениуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу;</p> <p>жақын тұрған балаларға көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу.</p> <p>Қайырлы таң! Жаңа күн күттү болсын! Мейірім мен</p>	<p>"Спортшыл отбасы" тақырыбында илюстрациялық суреттерді қарастыру.</p>	<p>"Денсаулық" тақырыбында мақал-мәтеддер жаттау.</p>	<p>"Отбасында кім қандай спортпен шүғылданады?" сөздік ойыны.</p>

		<p>жылулыққа орта толсын! Жақсы бастап күнімізді қарсы алайық, Көп жұмыс бітірейік, шаршамайық! Тусипжанова- Шагирова А. (сөйлеуді дамыту)</p>			
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Салауатты өмір". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; отырған күйінде екі аяқтың арасынан допты домалатып, орнынан тұрып қуып жетуге үйрету.	Дене шынықтыру "Шынықсақ - шымыр боламыз". Мақсат-міндеттер. Балаларда отырған күйінде екі аяқтың арасынан допты домалатып, орнынан тұрып қуып жету және екінші 3 м қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру техникаларын дамыту; спорт және денсаулық туралы білімдерін	Музыка "Күлкі - шаттық шуағы". Мақсат-міндеттер. Балаларда күлкі туралы жаңа әнді тыңдал, оның сипатына ерекше мән беруге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсіне білу қабілетін қалыптастыру; әнді дұрыс айтуға дағдыландыру; ырғақтық қимылдарды тез қабылдаудың және	Дене шынықтыру "Кенгуру секілді секіреміз". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; балаларда бір орыннан ұзындыққа секіруге жаттықтыру.	Қазақ тілі «Данаға арналған дастархан». Азық- түліктер. «Азық-түлік» тақырыбына қатысты сөздерді қазақ тілінде айтуды үйрету, екпіндерді дұрыс қолдану; ойын барысында сұрақтарға жауап бере отырып, қарапайым сөйлемдер күруды, жаңа сөздердің септік жалғауларын анық

		толықтыра отырып, спортпен шұғылдануға ынталандыру.	әнді тыңдау кезінде зейіні мен есте сақтауын дамыту; музикалық аспапта ойнай білуін әрі қарай жаттықтыру; музикалық шығармашылығы пен сауаттылығын қалыптастыру.		қайталап айтқызу.
2- таңғы ас	Балаларға тамақ ішер алдында қолды жуу, тамақтану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау; орындыққа сүйенбей, шынтақты дұрыс қойып отыруларын қатаң қадағалау; тамақ ішер алдында балалардың бір-біріне астың дәмді болуын тілеп; тамақтан соң алғыс айту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмытылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	Қарғаны бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: қарға жайлыш білімдерін кеңейту; оның тіршілік ету ортасы, сыртқы түрі, коректенуі, көбеюі туралы білімдерін	Құстардың қардың бетіндегі іздерін бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: қытайтын құстар туралы білімдерін толықтыру, қай құстың ізі екенін ажырату	Ұлпақарларды бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: ұлпақарлардың қасиеттері туралы білімдерін бекіту. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек	Қыстап жатқан құстарды бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсаты: қытайтын құстар туралы түсініктерін дамыту; оларға деген сүйіспеншілік пен қамқорлықты	Балабақша аланындағы өзгерістерді бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: айналадағы өзгерістерді байқауға үйрету. Ересек адамдармен

	терендету; құстарға деген ізгілік сезімдерін, оларға қамқорлық жасауға үмтүлуға тәрбиелеу. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі жолдарды қар мен қоқыстардан тазарту). (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке, көпшілдікке тәрбиелеу, бірлесіп жұмыс істеуге үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қаргалар". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: екі аяғымен секіруді, әртүрлі бағытта жүгіруді, мәтінді	іскерліктерін жетілдіру; байқағыштық пен зейінділікке тәрбиелеу. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (кардан төбешік жасау). (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: еңбекке деген позитивті қатынасты тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Боран", "Секірейік". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: еңбекке деген сүйіспеншілік пен достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Мысықтар мен тышқандар", "Секірейік". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: артынан бірін арасында бірінің жүгіруге үйрету, педагогтің белгісі бойынша тез қозғалуды үйрету; дыбыстарды айтуга жаттығу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Келесі кім?" (дене шынықтыру)	тапсырмалары (жолдарды қардан тазарту). (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: еңбекке деген позитивті қатынасты тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Боран", "Секірейік". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: еңбекке деген сүйіспеншілік пен достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Мысықтар мен тышқандар", "Секірейік". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: артынан бірін арасында бірінің жүгіруге үйрету, педагогтің белгісі бойынша тез қозғалуды үйрету; дыбыстарды айтуга жаттығу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Келесі кім?" (дене шынықтыру)	тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (агаштардың айналасына қар күреу). Мақсат-міндеттер: еңбек етуге, улкендерге көмектесуге үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Мысықтар мен тышқандар", "Секірейік". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: педагогтің белгісі бойынша әрекеттерді тез орындауға үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, жылдамдықпен жүгіру қабілетін бекіту; лақтырудың дәлдігі мен күшін дамыту.
--	--	--	--	--

	<p>анық және дұрыс айтуды үйрету.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозгалыстарды дамыту. (dene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер:</p> <p>"жылан" секілді жүгіру іскерліктерін жетілдіру; қатарға қойылған заттарды айнала жүгіруге машиқтандыру.</p>	<p>шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер:</p> <p>жүгіру техникаларын жетілдіру, женілдікті, жігерлі қимылдарды қалыптастыру.</p>	<p>Мақсат-міндеттер:</p> <p>бір жерден және жүгіріп ұзындыққа секіруді үйрету.</p>	<p>шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер:</p> <p>жылдамдықпен жүгіру қабілетін бекіту; лактырудың дәлдігі мен күшін дамыту.</p>	
Серуенниен оралу	<p>Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машиқтандыру.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				
Тұсқі ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>"Қолдарымызды тап-таза ғып жуайық" ойын жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Құнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сактау қажеттігін білу. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сұртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.</p> <p>Көркем сез.</p> <p>Сабынымды аламын,</p> <p>Алақанға саламын.</p> <p>Көпіртемін жақсылап,</p> <p>Қолды жуам мұқият.</p> <p>Білек, бетті, мойынды,</p>				

	Жуамын да, сүртемін. Тап-таза, көнілді бол, Мен ұнемі жүремін. Тусипжанова-Шагирова А. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	<p>Тақпақ-оятпақ: "Қанаттарымызды қүнге жылытайық". Балалар шалқасынан жатады, қолдары жандарында; қолдарын жоғары көтеріп, "жылынайық" деп айтады да, қайта түсіреді.</p> <p>"Аяқтарынды жасыр" жаттығуы. Балалар шалқасынан жатады, аяқтарын жоғары көтеріп, "аяқтарынды жасыр" деп, аяқтарын қайтадан кереуетке жайлап түсіреді.</p> <p>Кереуettерінің жандарынан жұру. Алтын айдарлы этеш, Адымдап келе жатыр. Балапандарын қуып, Кораға қамап жатыр. Қос аяқпен бір орында және алға қарай жылжып секіру. Қолдар еркін.</p> <p>Шынықтыру іс-шаралары. Дымқыл шүберекпен сүртіну, ыскылау. Дәстүрден тыс әр түрлі кедергілері бар денсаулық жолдарымен жұру.</p>				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуга бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу	Сурет салудан ойын-жаттығу "Текшелер".	Жапсырудан ойын-жаттығу "Жиналған	Математика негіздерінен ойын-жаттығу	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Кім күшті?"

<p>үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қараша және тағы басқа әрекеттер)</p> <p>"Доп" тақпағын мәнерлеп оқу.</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларды доп туралы тақпақ мазмұнымен таныстыру, көркем сөз арқылы доптың қасиеттері жөнінде білімдерін толықтыру, затты сипаттау тәртібін бекіту.</p> <p>"Аурұхана" сюжетті-рөлдік ойны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың дәрігер мамандығы туралы, оның іс-әрекеттері туралы білімдерін бекітуді жалғастыру, құралдарды (шприц, термометр, тонометр) дұрыс атаптауға үйрету.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен</p>	<p>"Доп" тақпағын мәнерлеп оқу.</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларды доп туралы тақпақ мазмұнымен таныстыру, көркем сөз арқылы доптың қасиеттері жөнінде білімдерін толықтыру, затты сипаттау тәртібін бекіту.</p> <p>Улттық ойын</p> <p>"Соқыр теке"</p> <p>Балалар дөңгелене тұрады. Топ ішінен бір баланың көзі байланады. Балалар: Бота, бұзау, қозы, лақ,</p> <p>Қайда кеткен құлыштақ. Соқыр теке бақ-бақ,</p>	<p>оыйнышықтар".</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларды геометриялық пішінді заттарды үлкенін бастап кішкентайына дейін жинақтау тәртібіне, кезекпен жапсыруға үйрету;</p> <p>геометриялық пішіндердің қасиеттері, заттарды салыстыру амалдары жөнінде білімдерін бекіту.</p>	<p>"Спортшылар бәріміз"</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың екі тен не тен емес заттар тобын ұзындығы немесе саны бойынша салыстыру іскерліктерін жетілдіру, салыстырудың нәтижесін айтқызып үйрету; заттарды оң (сол) қолымен алғып, жолақтың сол жағынан бастап, оң жағына қарай салу тәсіліне жаттықтыру; көз өлшемін, зейінді, қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойны:</p> <p>"Тазалықты</p>	<p>Мақсат-міндеттер. Балаларды "Кім күшті?" өлеңімен таныстыра отырып, мазмұны бойынша мәтіндегі жолдарды мәнерлеп оқу; ұзак шығарма мазмұнын зейін қойып, мұқияттыңдауға үйрету.</p> <p>Коршаған ортамен танысадан ойын-жаттығу</p> <p>"Емдік өсімдіктер". Мақсат-міндеттер. Емдік өсімдіктерге байланысты көркем сөздерді пайдалана отырып, балалардың сөздік қорын молайту; қарапайым тәжірибелік-зерттеу жүргізе білу дағдыларын қалыптастыру; ойлау қабілеті мен зейінін, дүниетанымы мен</p>
---	---	--	--	---

	тәнису)	Мен ізден тап-тап - деп өлеңмен айтады. Содан кейін Соқыр теке (көзі байлаулы бала) балаларды қуалайды немесе балалар оның жанына келіп тұртіп қашады. Соқыр теке ұстап алғанбаланың көзі байланады да ол «соқыр теке» рөлін атқарады. Ойын осылай жалғаса береді.	сақтайык". Мақсат-міндеттер: ойынға деген қызығушылықты дамыту; балалар арасындағы жағымды қатынастарды қалыптастыру; тазалыққа үқыпты қарауды тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен тәнису)	есте сақтауын және байқампаздығын дамыту.	
Балалармен жеке жұмыс	Саусақ жаттығуы. "Дәрумендер". Сәбізді алып тазалаймыз (оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды). Үккішпен үгіп майдалаймыз (екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап,	"Сөйлем құрастыру". Мақсат-міндеттер: суреттер бойынша сездер, сөйлемдер, шағын әңгіме құрастыруға балаларды машықтандыру; байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту. Балалардың	"Кел, санайық санамақ" саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды мәтін жолдарының ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды	Тақпақ айту Біз осылай өсеміз Суда жүзіп өсеміз, Қырда жүріп өсеміз. Күнде қызып өсеміз, Құмда шыжып өсеміз. Таулар көріп өсеміз, Баулар егіп өсеміз. Жеміс теріп өсеміз, Женіскер боп өсеміз.	Суреттер қарастыру. "Дені саудың - жаны сау" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру. Сұрақтар қою. Сұрақтарға толық жауапты талап ету.

	<p>жоғары-төмен қозғайды). Қанттан сеуіп дәмдейміз (саусақтардың ұшымен қант себеді). Міне дайын нәр тағам (екі қолын алдына жайып көрсетеді). Дәруменге байыған (алақанымен іштерін сипалап, тойғандықтарын көрсетеді). (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</p>	<p>сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы денсаулық және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p>	<p>эмоцияларды дамыту. Кел, санайық санамақ, Саусақтарды даралап. Бас бармағым алғашқы, Балаң үйрек жалғасы. Ортан терек атасы, Шылдыр шумек анасы. Шынашағым балапан Бәріне ортақ алақан. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Талаптанып өсеміз, Қанаттанып өсеміз, Талаптанып, қанаттанып өсеміз! М.Әлімбаев (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>	
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтенкесін реттілікпен киоін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Тұсқі серуендердегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алууды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>"Қолдарымызды тап-таза ғып жуайық" ойын жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сактау қажеттігін білу. Балаларды сыртқы</p>				

	<p>келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлакты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сұртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.</p> <p>Көркем сөз.</p> <p>Сабынымды аламын, Алақанға саламын. Көпіртемін жақсылап, Қолды жуам мұқият. Білек, бетті, мойынды, Жуамын да, сұртемін. Тап-таза, көңілді боп, Мен үнемі жүремін.</p> <p>Тусипжанова-Шагирова А. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қараша және тағы басқа әрекеттер)	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қараша, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталашу. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуды үйрету. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді және мазмұнын өз бетінше қайталап айтуды үйрету. Сюжетті эмоционалды қабылдауды, кейіпкерлерге жанашырлық танытуды үйрету. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін менгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.</p> <p>Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу.</p> <p>Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуда баулу.</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауда баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға,</p>

	<p>сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, түяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.</p> <p>Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қымылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбандал жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.</p> <p>Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл қүйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.</p> <p>Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айтуда, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.</p> <p>Өнер бұрышында бояу суреттерін бояту, ұлпақар мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау.</p> <p>(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу, құрастыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз параграфына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, кара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану. (сурет салу) Құрастырған құрылышпен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бұқтеу, қатпарлау) қолдану.</p> <p>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> <p>Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстасу және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. (математика негіздері)</p>				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	<p>Кеңес.</p> <p>"Спортпен шұғылданудың маңызы".</p>	<p>Тәрбиеленушілердің ата-аналарын мектепке дейінгі жастағы балалардың үйде және балабақша жағдайында денсаулығын нығайтуға және сақтауға ықпал ететін</p>	<p>"Жеке бас гигиенасының басты ережелері",</p> <p>"Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстасу керекпі?"</p> <p>тақырыптарында әнгіме жүргізу.</p>	<p>Кеңес.</p> <p>"Тез тамақтанудың зияны".</p>	<p>Ата-аналарға кеңес.</p> <p>"Баланың белсенділігі - оның денсаулығының кепілі".</p>

		негізгі факторлармен танистыру.		
--	--	------------------------------------	--	--

Әдіскер:

А.А.Сулейменова